

«Сыбайлас жемқорлықсыз ел» сурет салу байқауының өткізілуі бойынша АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлықсыз ел» сурет салу байқауы

Мекеме: №55 жалпы білім беретін орта мектеп

Күні: 21 қазан 2025 жыл

Қатысушылар: 4–5 сынып оқушылары

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Темирова Д.М.
- «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі – Бәкір М.
- Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі – Төлеген Б.

Мақсаты: Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, адамгершілік және азаматтық жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

21 қазан 2025 жылы №55 жалпы білім беретін орта мектепте 4–5 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз ел» тақырыбында сурет салу байқауы өткізілді. Байқауға барлығы 32 оқушы қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін және елдің адал болашағына деген көзқарасын сурет арқылы бейнеледі. Оқушылардың туындыларында адалдық, әділдік, парасаттылық, бірлік және Отанға деген сүйіспеншілік тақырыптары кеңінен көрініс тапты. Байқау барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер кері әсері түсіндіріліп, «Адал ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі» атты қысқаша танымдық әңгіме өткізілді. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын идеяның ашылуы, көркемдік шешім, мазмұн және ұқыптылық критерийлері бойынша бағалады.

Нәтижесі бойынша жүлдегерлер:

I орын: Аидек Азатбек – 5 «А» сыныбы, «Адалдық еліне жол» жұмысы

II орын: Жұмартбек Айтжан – 4 «В» сыныбы, «Парасыз қоғам – таза болашақ» жұмысы

III орын: Жауһар Рахна – 5 «О» сыныбы, «Адал еңбек – жарқын өмір» жұмысы

Барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен мадақтамалар табысталды.

Қорытынды: Байқау оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, адалдық пен әділдік ұстанымдарын дәріптеуге бағытталды. «Сыбайлас жемқорлықсыз ел» тақырыбындағы іс-шара балалардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыруға және парасаттылық мәдениетін арттыруға үлкен үлес қосты. Мектеп ұжымы бұл бағыттағы жұмыстарды әрі қарай жалғастырып, оқушылардың бойында адалдық пен әділдікке негізделген өмірлік құндылықтарды нығайтуды көздейді.

Есепті дайындаған



Бәкір М.